

2004 жылға арналған республикалық бюджетте 012 "Ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу жөніндегі кәсіпорындар үшін жабдықтар лизингіне кредит беру" бюджеттік бағдарламасы бойынша көзделген кредиттерді алуға қарыз алушы банктерді анықтау туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 13 тамыздағы N 859 Қаулысы

"Мемлекеттік бюджет есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер үшін бюджеттің атқарылуы және есептілік нысандарын жүргізу (мерзімдік және жылдық) жөніндегі қаржылық рәсімдердің ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 25 шілдедегі N 832 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу жөніндегі кәсіпорындар үшін жабдықтар лизингіне кредит беру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 27 ақпандағы N 236 қаулысына сәйкес 2004 жылға арналған республикалық бюджетте 012 "Ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу жөніндегі кәсіпорындар үшін жабдықтар лизингіне кредит беру" бюджеттік бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен кредиттер алуға қарыз алушы банктер болып мынадай ұйымдар белгіленсін:

1) "Ет қайта өңдеу" ішкі саласы (лот) бойынша - "Валют-Транзит Банк" ашық акционерлік қоғамы:

кредит сомасы - 114020000 (бір жүз он төрт миллион жиырма мың) теңге;
кредит мерзімі - 7 (жеті) жыл;
сыйақы ставкасы - жылдық 0,5%;

2) "Тері шикізатын және жүнді қайта өңдеу" ішкі саласы (лот) бойынша - "Қазкоммерцбанк" акционерлік қоғамы:

кредит сомасы - 135000000 (бір жүз отыз бес миллион) теңге;
кредит мерзімі - 7 (жеті) жыл;
сыйақы ставкасы - жылдық 0,5%;

3) "Майлы дақылдарды қайта өңдеу" ішкі саласы (лот) бойынша - "Валют-Транзит Банк" ашық акционерлік қоғамы:

кредит сомасы - 135000000 (бір жүз отыз бес миллион) теңге;
кредит мерзімі - 7 (жеті) жыл;

сыйақы ставкасы - жылдық 0,5%.

2. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, "Валют-Транзит Банк" ашық акционерлік

қоғамы (келісім бойынша), "Қазкоммерцбанк" акционерлік қоғамы (келісім бойынша) осы қаулыны іске асыру үшін қажетті шаралар қабылдасын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң

міндетін атқарушы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ